

## ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ – ҚОҒАМДЫҚ САНА БАСТАУЫ

Тлеубердинова Айгерим Есболовна

[aigerim\\_enu@mail.ru](mailto:aigerim_enu@mail.ru)

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ әлеуметтік ғылымдар факультетінің «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 3-курс студенті Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Н. П. Албытова

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында қоғамның рухани жаңғыруы деп ең алдымен отбасы мүшелерінің арасындағы байланысты - ұрпақтар сабақтастығын меңзейді. Себебі, отбасындағы буындар қарым-қатынасының берік болуы, оның әрбір мүшесінің өзінің отбасы, келешек ұрпағы, мемлекеті алдындағы міндетін дұрыс түсініп, жауапкершілікпен атқаруы – қоғамдық сананың берік қалыптасуының негізі [1].

Зандық мағынасында отбасы дегеніміз – бұл некеден, туыстықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиелеуге алудың өзге де нысандарынан туындайтын және отбасылық қатынастарды нығайту мен дамытуға септігін тигізетін, мүліктік және мүлікке қатысты емес жекебастың құқықтарымен байланысқан адамдар тобы [2].

Отбасын әлеуметтік институт ретінде зерттегенде отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынастарды олардың сезімімен (махаббат, сыйласу, құрметтеу), салт-дәстүр, ұрпақтан-ұрпаққа берілген тәрбие, ереже, т.б. өлшемдер арқылы анықтау қалыптасқан. Ал, ұрпақтар сабақтастығы дегеніміз - жинақталған білім, іскерлік, дағдыларды келер ұрпаққа жеткізу процесі. Бұл ең кем дегенде үш буынның: Ата, Әке, Немеренің бір шаңырақ астында бас қосып, адамзаттың үздіксіз дамуына ықпал ететін тәрбиелік күш. Ұрпақтар сабақтастығы адамдар ұжымы бір территорияда өмір сүрген, бір тілде сөйлеген, ортақ тарихы мен мәдениеті, рухани және адамгершілік құндылығы, тәртіп нормалары бар болған жағдайда мүмкін болады.

Қоғамның даму бағытының дұрыстығы мен беріктігі оның әрбір мүшесінің өз санасын заманауи қайта құрылуларға сәйкес қаншалықты дәрежеде жаңғырта алуына, әсіресе, тарихи қалыптасқан рухани кодына сүйенуіне байланысты. Өйткені тәрбие процесінде адам болмысының табиғатына үңілу, оның рухани дүниесі мен жан әлеміндегі сырын ашу үздіксіздікке тәуелді болғандықтан, отбасы тәрбиесінде ұрпақтар арасындағы сабақтастыққа сүйену басты қағида болып саналады. Өмірлік тәжірибесі мол, қоршаған дүниеге деген нық көзқарасы орныққан егде адамдар тәрбиеде сабырлы, бала әрекетінің себеп-салдарын аңғарғыш, қауіп-қатердің алдын алғыш келеді. Ал, күш-қуаты мен денсаулығы мықты ата-ана дені сау ұрпақты дүниеге әкеледі. Дені сау, тәрбиесі дұрыс бала – еңбек пен танымға зерек, әрі алғыр, қоғамның белсенді мүшесі болып қалыптасады.

Педагогика тарихынан бастау алып, бүгінгі күнге дейін отбасы тәрбиесінің мүмкіндігін арнайы зерттеп, ғылыми-практикалық үлес қосып келе жатқан педагогтар мен ағартушылар: Б.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, А.Құнанбаев, М.Жұмабаев, К.Д.Ушинский, А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинский, Ш.А.Амонашвили, С.Қалиев, Қ.Т.Әйтимова, М.Смайылов, Оразбаева және т.б.

А.С.Макаренконың отбасы тәрбиесіне қосқан үлесі зор. Автордың осы бағытта жазған «Ата-аналар кітабы», «Балаларды тәрбиелеу туралы лекциялары», «Педагогикалық дастан» және т.б. еңбектері баланы отбасында тәрбиелеу жөніндегі ғылыми және көркем әдебиет болып табылады.

Гумандық педагогика өкілі Ш.А.Амонашвили отбасы тәрбиесі, ондағы ұрпақтар сабақтастығын насихаттаушы ғалым-педагог. Ғалым педагогтермен, ата-аналармен және жалпы жұртшылықпен кездесіп, түрлі деңгейде дәріс оқып жүр. Сондай кездесулерінде ол: «Балалар өз миссиясымен туады. Біз, ата-аналар мен педагогтер балаға оны түсінуге көмектесуіміз керек. Сондықтар біз өзіміздің Жердегі миссиямызды анықтап алуымыз қажет. Әр адамның жаны – алмаз. Бірақ жанын гауһарға айналдыру немесе айналдырмау адамның өз қолында. Менің дүниеге келуім – Алланың сыйы, менің о дүниеге немен баратыным – менің Аллаға сыйым. Біз лайықты адамдарды (балаларды) басқалар үшін емес, өзіміздің ақыл-ойымыз бен жанымызды жақсарту үшін тәрбиелейміз» - деген [3].

Дегенмен, бүгінгі күні ұрпақтар арасында айтарлықтай айырмашылықтар мен кейбір қарама-қайшылықтардың орын алғандығы әлемді ойландырып отыр, олар:

- әртүрлі себептерге байланысты қарым-қатынастың тұрақсыздығы;
- мәдени-рухани мұраларға деген көзқарастың төмендеуі (тіпті менсінбеушілік);
- әкенің материалдық және рухани мұрасын қабылдамау;
- ұрпақтар арасындағы жас ерекшеліктер айырмашылықтарының біртіндеп азаюы;
- объективті себеп - қоғамдағы тұрақсыздықтың белең алуы;
- субъективті себеп - идеялық-адамгершілік бағдардың кемуі;
- БАҚ-тың ұрпақтар сабақтастығына кері ықпал етуі;
- қоғамдағы гендерлік және жас ерекшелік тәртіптің өзгеруі;
- ұрпақтар арасындағы қарама-қайшылықтардың ашық және жабық түрде жалғасуы.

Қазақстан Республикасында білімді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында осы кемшіліктердің орнын толтыруға бағытталған іс-шаралар мақсатты әрі кешенді жалғасын тауып отыр. Онда: «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту», «Ұлы даланың жеті қыры», атты бағдарламалық мақалалар, «Туған елге тағзым» жалпыреспубликалық экспедициясын қамтитын «Ұлы дала мұрагерлері» жобасы, «Тарих тағылымы» (қалалар мен ауылдардың, көшелердің тарихын және мемлекеттің дамуына үлес қосқан тұлғаларды зерттеу) және «Қазақ мәдениетінің антологиясы» (ақындар, жырау, күйші шығармашылығы арқылы ұлттық фольклорды зерттеу) әлеуметтік жобалары жалғасатын болады. Басты рөл білім беру ұйымдасарының педагогикалық ұжымдарына беріледі, ол білім алушылардың «моральдық компасы» - дұрыс пен бұрысты ажырата білу сезімін және бақытты өмір сүруге қажетті мінез-құлықты бойға сіңірудегі пайымын айқындайды және көшбасшылық қасиетін қамтамасыз етеді»-делінген [4]. Демек, сабақтастық сияқты ауқымды істі атқаруда педагогтардың отбасымен бірлескен жұмысы нәтижелі болатындығы анық.

Білім беру ұйымдарының отбасымен байланысы педагогикалық қызметтің ажырамас бөлігі. Өйткені отбасы бала үшін күн көру және ең алғашқы да негізгі тәрбие ортасы болғандықтан, ол ақпаратты, қоғамдық пікірді, жақсы мен жаманды ажыратуды, дос таңдауды, әдебиет пен өнерді тануды, жалпы, өмір сүру принциптерін норма ретінде қабылдап, соған қарай бағдарланады. Тәжірибеде отбасының төмендегідей әсерін бөліп көрсету жиі кездеседі:

- отбасы тұлғаның әлеуметтенуін жүзеге асырады;
- отбасы дәстүр сабақтастығын қамтамасыз етеді;
- отбасының маңызды әлеуметтік функциясы азамат, патриот, отбасы, қоғамның заңға бағынушы мүшесін тәрбиелеу болып табылады;
- отбасы мамандық таңдауға елеулі әсер етеді [5].

Отбасы тәрбиесі мектеп тәрбиесінен айтарлықтай ерекшелігі болады. Себебі отбасында тәрбие сезімге негізделгендіктен ол отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасының түрін, стилін, ережелерін анықтайды. Отбасының сезімтал әлемі баланы сыртқы қолайсыз әсерлерден қорғап, осы әлемде өзінің кімдер үшін қымбат екендігіне сенімділік сезімін тудырады. Сонымен қатар отбасы әртүрлі жастағы топ өкілдерінен құралатындықтан ата-ана, әжелер, аталар, басқа да жақын туыстарының үйлесімді қарым-қатынасы баланың жеке басының жақсы қасиеттерді меңгеруіне мүмкіндік жасайды.

Сонымен қатар отбасы тәрбиесінің мазмұны қоғамда жетекші болып табылатын дене, еңбек, адамгершілік, ақыл-ой және эстетикалық тәрбие мазмұнымен әйкес келетіндігін ескеру қажет. Егер отбасының жеке тұлғаның қалыптауына соншалықты ерекше әсер ететіндігін ескерсек, онда мемлекет пен қоғам оның дұрыс тәрбиелік ықпал етуі үшін бірінші кезекте қолдау көрсетуі керек. Осыдан педагогика тұлғаның қалыптасуының отбасына тәуелді болатындығын біліп, әлеуметтік, отбасылық және мектептегі тәрбиенің тұтастығына сүйенеді. Отбасы тәрбиесі педагогиканың, әлеуметтік педагогиканың негізгі зерттеу объектісі болып келеді.

Сондықтан әлеуметтік педагог өз қызметіндегі отбасымен атқаратын жұмыстарында ұрпақтар сабақтастығы әлеуетін жетілдіруді басты міндеті ретінде санайды. Отбасындағы ұрпақтар сабақтастығы адамзаттың дамуына әсер ететін маңызды фактор. Алдыңғы буынна жинақталған білім, білік, дағдылардың келер ұрпаққа жетуі қоғамдастықтың сәттілігін қамтамасыз етеді. Әрбір жаңа буын өзіне дейінгілердің қол жеткізген жетістіктерін қабылдай отырып, өзінен кейінгілерге табыстайды. Басқаша айтқанда, адам өзінің ғана емес, аға буынның тәжірибесін де ескеруі керек, мұнсыз техникалық, технологиялық прогреске жету мүмкін емес. Дегенмен, әр баланың нөльден басталатын рухани және сезімдік дамуына ықпал ететін ұрпақтар сабақтастығының өзіндік артықшылықтары бар.

Балаға ата-анадан, әрбір отбасы мүшесінің өзара қарым-қатынасынан қайырымдылық пен зұлымдық, бағалау іс-әрекеті беріліп отырады. Ересектер бала кезінде өздеріне ата-аналары үйреткен, кейде өз бетінше тандап алған моральдық түсініктерін, жеткен жетістіктері мен кемшіліктерін үлгі етеді. Ал ата-бабаларының тәжірибесі отбасы тәрбиесінде үлкен рухани күш береді. Қазіргі кезеңде патриотизм, қазақстандық патриотизм тақырыбы қоғамдық, мемлекеттік, саяси, мәдени-рухани тақырыптардың өзегіне айналууда. Кез-келген елдің азаматтары, әсіресе жастардың патриоттық рухы биік болғанда ғана елдің жетістіктерін мақтан етіп, ел байлығын көбейтіп, өзінің және өз ұрпақтарының болашағын осы елмен байланыстыра алады. Қазақстан Республикасының рәміздерін білу, тіл, тарих, салт-дәстүрге сый-құрмет және патриоттық сананы қоғамдық өмірде бекітетін бірден-бір әлеуметтік орта отбасы, мектеп пен оқушыға білім мен тәрбие беру мекемелері.

Сондықтан, әлеуметтік педагогтер отбасы сабақтастығын нығайту жұмыстарында отбасымен тұтастықта патриоттық тәрбие, тіл, тарих, салт-дәстүр, Отанды сүйу, туған жер тақырыптарын өзектендіре түсуі қажет. Жұмысты сынып жетекшілерімен сынып сағаттарында, сыныпаралық, мектепшілік іс-шараларда отбасы мүшелерінің тікелей қатысуымен ұйымдастырылатындай етіп жоспарлау абзал:

Зерттеу жұмысы: «Отбасым-тарихым»: бүтін әулеттің, отбасы мүшелерінің еңбекте, ел қорғауда көрсеткен ерлігі, туған жерге жасалған игі істері туралы фотоальбом, стент жасау, заттар мен кітаптардан көрме ұйымдастыру;

Командалық сайыстар: отбасы мүшелерімен (ата-ана, немере, ата-әже, туыстар және т.б.) бірлескен: «Ертегі мен аңыздарда көп білетін ата мен немере», «Мақал-мәлел, жұмбақ, жаңылтпаш айтуға шебер әже мен немерелер»;

Кездесу, дөңгелек үстелдер: «Қазыналы қарттарым» «Әжемнің өсиеттері», «Аталарымыздан қалған сөз еді», «Ауылымның мақтанышы», «Ағайының бар болса, басында тұрар әруағың, ағайының жоқ болса, шайнауда кетер бармағың», «Әкеме ұқсағым келеді», «Анамның аялы алақаны», «Біз анаға қамқормыз» және т.б.

Қорыта келе, отбасы, отбасындағы ұрпақтар сабақтастығы тұлғаның қоғамдық санасын қалыптастыратын негізгі әлеуметтік орта, сондықтан маман ретінде әлеуметтік педагогтар өз қызметінде институтаралық қатынасты күшейтіп, қоғамдық сананы қалыптастыруды мақсатты іске асыру маңызды демекпіз.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы.

2. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>
3. Амонашвили Ш.А. Семинар. «Искусство семейного воспитания». <https://nsportal.ru/sites/2020/02/13/seminar-sh-amonashvili-iskusstvo-semeynogo-vozpitaniya>
4. Қазақстан Республикасында білімді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 2019 жылғы желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген.
5. Семейное воспитание. Воспитание ребенка в семье. Функции семьи в воспитании детей. <https://alegri.ru/deti/vozpitanie-i-razvitie-rebenka/semeinoe-vozpitanie-vozpitanie-rebenka-v-seme-funkci-semi-v-vozpitanii-detei.html>